

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№2 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/EBHM4761>**А. Б. Салқынбай<sup>1</sup>, О. Сөйлемез<sup>2</sup>, \*А. Х. Асенова<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2</sup>Кастамону университеті,

Түркия, Кастамону қ.

\*e-mail: [naz\\_nabi@mail.ru](mailto:naz_nabi@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ СЕМАНТИЗАЦИЯ**

Бұл мақалада түркі тілдері қыпшақ бұтағына кіретін қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациялануы қарастырылды. Мағыналық айырмашылықтар мен ұқсастықтарды дәлелдеу үшін «көз», «сана», «бас» сөздеріне аталған тілдер бойынша семантикалық талдау жасалды. Түсіндірмелі сөздіктердегі мағыналарын сипаттай отырып, мағыналық әлемі талданды, кейбіріне көркем шығармалардан мысалдар беру арқылы дәлелденді.

Семантикалық талдау бір тілде ғана емес түркі тілдері әрі оның ішінде қазақ және қарақалпақ тілдеріне салыстырмалы зерттеу жасалғандығы мақаланың өзектілігін көрсетеді. Себебі бүгінде салыстырмалы-тарихи тіл білімі ғылыми зерттеулерді қажет ететін салалардың бірі.

Зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде ортақ сөздердің семантикалық табиғаты әрдайым дамып отырғандығын, бір тілдегі мағына екіншісінде кеңейгенін не тарылғанын, я болмаса мүлде өзгергенін байқадық. Бірақ тілде қандай өзгеріс болса да аталған тілдердегі сөздер өзінің түркілік түпкі негізін сақтап қалған.

Кейбір сөздердің мүлде жаңа мағынаға ие болып тілдің лексикалық қорын ұлғайтқанын және сөзді жаңаша дамытқанын анықтадық. Сөздің мағыналық дамуын талдау арқылы сөз тарихына, этимологиясына, ұлттың болмысына бойлай аламыз. Сондықтан да тіл білімінде семантика саласын зерттеу зор маңызға ие.

Кілтті сөздер: түркі тілдері, қарақалпақ тілі, лексика-семантикалық тәсіл, ортақ сөздер, тарихи-мәдени байланыс.

## Кіріспе

Түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи бағытта зерттеу бүгінгі тіл білімі үшін зор маңызға ие екені белгілі. Әрбір тіл қоғамдық тарихи оқиғалар негізінде дамып, қалыптасып әдеби тіл деңгейіне жетеді. Салыстырмалы әдіспен тілдер табиғатына зерттеу жүргізу тіл білімінің тарихи аясын кеңейтеді. Профессор Ш. Жалмаханов «Тіл білімінің тарихы туралы» еңбегінде: «Тіл білімінің тарихы ерте замандардағы лингвистикалық көзқарастардан бастап қазіргі жеке тіл білімдерінің қалыптасуын яғни лингвистер көзқарастары, түрлі бағыттар мен әдіс-тәсілдердің тарихын қарастырады», – дейді [1, 3].

Түркі тілдерінің ішінде зерттеуді қажет ететін тілдердің бірі – қарақалпақ тілі. Ғалым Н. Баскаковтың түркі тілдеріне жасаған классификациясы бойынша Батыс ғұн бұтағы – қыпшақ тобы – қыпшақ ноғай тармағына жататын қазақ және қарақалпақ тілдерін салыстыра зерттеу мақаламыздың негізгі ғылыми мақсатын көрсетеді.

Қарақалпақ тілі туралы зерттеулер XX ғасырдың 20-жылдарынан бастау алады. Бұл бағытта зерттеу жүргізген Н. Баскаков, С. Малов, А. Щербак, Е. Поливанов, Х. Хамидов, Н. Кононовтың еңбектері дәлел. Ғылыми тұрғыда қарақалпақ тілін алғаш зерттеушілердің бірі – Г. Вамбери болды. Ал XX ғасырдың 60-жылдары қарақалпақ тілі мен орыс тілін салғастыра зерттеген әрі тек грамматика және синтаксис салалары бойынша қарастырған Ә. Нұрмаханова, Х. Амиралиевтің зерттеулері бар. Бірақ лексикология саласы бойынша салыстыра зерттеу өте аз деуге болады.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінің жақындығы тарихи этногенетикалық факторлардан байқалады. Қос тілдің лексикологиясы, сөздік құрамы өте ұқсас. Тіпті ешқандай сөздіктің көмегінсіз-ақ түсінісе алады. Кез келген ұлт болмысын тілі арқылы айқындап тұратын тілдік бірліктерінің бірі – тұрақты сөз тіркестері болса, аталған тілдерде бұл бірліктер де ұқсастығымен туыстас тілдер екендігін тағы да дәлелдей түседі.

Ғалым М. Томанов өзінің «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» еңбегінде: «түркі тобына жататын тілдердің бір-бірімен жақындық дәрежесі әр түрлі: бір тіл мен екінші тілдің бір-біріне жақындығы, ұқсастығы үшінші бір түркі тілімен салыстырғанда айқындалады. Айталық, қазақ тілі мен қарақалпақ тілі өзбек тілімен салыстырғанда бір-бірімен ұқсас, жақын», – деп көрсетеді [2, 12].

Бүгінде қарақалпақ тілінде сөйлеушілер Өзбекстан, Қазақстан, Түркия, Ауғанстан, Ресей және т.б. елдерінде кездеседі. Бар жоғы төрт жүз мыңнан астам адам ғана қолданатын Қарақалпақстан Республикасының мемлекеттік тілі саналады.

Тарихи деректер бойынша қарақалпақтар IX–XI ғасырларда «қара бөріктілер» деп аталған. Ал XII–XIII ғасырларда «қыпшақтар» аталып, XIV–XV ғасырларда «ноғайлылар» деген атпен өмір сүрген.

XV–XVII ғасырларда қарақалпақтардың Сырдария бойын мекен еткені бізге тарихтан мәлім. Олардың бір бөлігі ноғайлармен бірге Еділ-Жайықта мекендесе, жартысы Сыр бойындағы қазақтарға қосылған.

Қарақалпақ тілі жазба әдеби тіл деңгейіне жетпес бұрын оның халық ауыз әдебиеті болған. Әйгілі Жиен, Күнхожа, Әжінияз, Бердақ т.б. сынды халық ақындары туындыларын ауызекі тілде таратқан. Бұл қарақалпақ ұлттық әдеби тілінің қалыптасуына септігін тигізген фольклорлық мұрасы еді.

Атақты Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Жиренше шешен, Доспамбет, Ормамбеттер де екі ұлтқа да тән жыраулар саналады. Демек қос тілдің әдеби мұралары да ұқсас, яғни сонау тарихи кезеңдерден бері тығыз байланыста болған тілдер екеніне дәлел.

Семантика (семасиология) дегеніміз – сөздің мағынасын және оның өзгеру себептерін синхрондық және диахрондық аспектіде зерттейтін тіл білімінің лексикология саласының тармағы [3, 45]. Біз қарастырып отырған семантика саласы яғни сөз мағынасының тарылуы не кеңеюі, жаңа мағынаға ие болуы секілді семантикалық құбылыстар қос тілде де кездескенімен ортақ сөздер түпкі түркілік негізін сақтап қалғанын көрсетті.

Қарақалпақ тілінде де қазақ тілі секілді сөздерді сөз таптарына бөлу үшін олардың семантикалық ерекшеліктері басты назарға алынған. Осы бағытта зерттеу жүргізген Е. Бердимуратов екі үлкен топқа жіктеген: 1) анық мағынаға ие – жеке мағыналы сөздер; 2) мағынасы анық емес көмекші сөздер [4, 23–24-б.]. Ал қазақ тілінде сөздер семантикалық белгілеріне қарай: 1) атауыш; 2) одағай; 3) көмекші сөздер деп үш топқа жіктелетіні белгілі.

Қарақалпақ тілінің диалект сөздері де екіге жіктеледі: 1) солтүстік-шығыс диалекті; 2) оңтүстік-батыс диалекті. Әдеби тілі осы солтүстік-шығыс диалектісінің негізінде қалыптасқан және бұл диалекті қазақ тіліне өте ұқсас.

Түркі әлемінің байлығы – Орхан-Енисей ескерткіштері туралы ғалым С. Аманжолов: «Тілінің көнелігіне қарамастан орхон жазуының қазіргі қазақ тілі диалектілеріне көп ұқсастығы бар» – десе [5, 77], академик Х. Хамидов: «Сол орхон жазуларының қазақ тілімен бір топқа кіретін қарақалпақ тіліне де қатынасы бар екеніне күмандануға болмайды» – деп пікір айтады [6, 19-б.].

Бүгінгі дәуірдегі түркі тілдерінің бәрі де бірден пайда бола салған жоқ, ұзақ ғасырлар бойы ұлтқа тән тарих пен қоғамдық өмірдің жемісі.

Түркітанушы ғалым Н. Баскаков түркі тілдерінің сөздік құрамын жан-жақты зерттей келе, түркі тілдері лексикологиясының көне қабатын түркі және монғол тілдеріне ортақ лексикалық қабат деп көрсеткен [7, 56-б.].

Кезкелген тілдің сөздік құрамын дамуының бір жолы – лексика-семантикалық тәсіл. Бұл әдісте сыртқы дыбыстық форма емес ішкі мағыналық әлемі өзгеріске ұшырайды. Сөз сыртқы дыбыстық формасын сақтай отырып қосымша мән үстеп жаңа семантикалық мағынаға ие болады. Мағыналық талдау жасаудың нәтижесінде қарақалпақ тіліне тән стилистикалық ерекшеліктер, ұлтқа тән эмоционалды-экспрессивті қасиеттері көрініс береді.

Қарақалпақ тілінің сөздерін біз мағыналық ерекшеліктеріне қарай бағалаймыз. Сөздік құрамының семантизациялануын тілдік бірліктерінің тура және ауыспалы мағынада қолдану деңгейімен және мағынаның тарылу не кеңею құбылыстарымен бағамдаймыз. Себебі сөз – айналадағы құбылыстар мен қоршаған заттарды білдіретін лексикалық бірлік. Қоғамдағы кез-келген өзгеріс сөз арқылы сәулеленеді.

Демек, қазақ және қарақалпақ тілдерін салыстыра зерттеу арқылы біз тілдердің сөздік құрамын, қалыптасу тарихын, түркі тектестігін сақтау дәрежесін, семантикалық ерекшеліктерін анықтай аламыз.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысы барысында қазақ және қарақалпақ тілдері туралы Н. Баскаковтың «Состав лексики каракалпакского языка и структура слова», С. Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка», М. Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», Х. Хамидовтің «Қарақалпақ тілі тарихының очерктері», М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы», Е. Бердимуратовтың «Қазіргі қарақалпақ тілі. Лексикология», А. Салқынбайдың «Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі», У. Қайырбекованың «Түркі лексикасын компонентті талдау», Ш. Жалмахановтың «Тіл білімінің тарихы», М. Абдрахманованың «Көз концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы», Ш. Шарапатұлының «Түркі лексикасындағы семантикалық деривациясы: түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша» ғылыми зерттеулері мен қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі түсіндірмелі сөздіктерін қолдандық.

Семантикалық талдау барысында бізге материалдарды жинақтау және сұрыптау, лексика-семантикалық талдау, салыстыра зерттеу әдістері қажетті болды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Семантика грек тілінен аударғанда семантика «белгілеуші – сөз мағынасы» деген мағына береді. Тіліміздің семасиология саласы өте аз зерттелген. Себебі әр сөздің мағыналық ішкі аясы терең, ол жан-жақты талдауды қажет етеді.

Ғалым М. Оразов өзінің «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегінде сөз мағынасына мынадай анықтама берген: Сөз мағынасы – күрделі категория.

Демек сөз мағынасының құрамында объективті дүниедегі заттардың бейнесі, адам ойының қызметі негізінде жасалынған жалпыланған, дерексізденген бейнемен бірге тіл заңдылықтарымен байланысты қалыптасқан мағыналық реңктер де енеді [8, 46-б.].

Сөз мағынасын зерттеуде біз мағына түрлеріне, тақырыптық белгілеріне назар аударамыз. Өз зерттеуінде У. Қайырбекова: «Сөздер арасындағы мағыналық байланыстарды анықтау үшін сөздерді тематикалық топтар мен лексика-семантикалық топтарға бөліп қарастыру керек. Өйткені тематикалық топтар мен лексика-семантикалық топтар арасында айырмашылық бар. Тематикалық топтар сөздердің тек денотаттық мағынасына негізделсе, ал лексика-семантикалық топтар сөздердің лексикалық (денотаттық, сигнификаттық және ішкі лингвистикалық) мағынасына негізделеді», – деп көрсетеді [9, 49-б.].

Біз қарастырып отырған қарақалпақ тілінің өзге де түркі тілдері секілді сөздік құрамы мол. Лексикалық қабатынан көне сөздер, неологизмдер, диалект, кәсіби сөздер, фразеологизмдер т.б. көптеп кездестіруге болады. Тілдегі негізгі сөздер сонау Орхан-Енисей тарихи жазба ескерткіштерінде, әйгілі М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінде кездесетін сөздерден құралған.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі семантизация процесін дәлелдеу үшін қос тілге ортақ түркілік түбірлерді негізге алдық. Аталған тілдердің сан ғасырлық тарихи даму жолын өткерсе де түркілік түп негізін сақтап келе жатқандығы семантикалық құрылымын тереңірек тани түсуге жол ашады.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі идеясын айқындай түсу үшін бірнеше ортақ түркілік сөздерге семантикалық талдау жүргіздік. Солардың бірі – көз сөзі.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көз сөзінің алты түрлі мағынасы берілген: 1. Адамның көру мүшесі; 2. Бір нәрсенің өткізетін тесігі; 3. Өткеннен қалған нәрсе; 4. Бір нәрсенің нақты өз басы; 5. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы; 6. Ауысп. ақыл, ес, сана [10, 405-б.].

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінен көз тілдік бірлігінің тоғыз түрлі мағынасы бар екенін көруге болады [11, 379-б.]:

1 Көру мүшесі; 2. Жер асты байлықтарының шығатын жері, жолы; 3. Бұлақтың көзі; 4. Иненің көзі; 5. Торлы заттардың тесігі; 6. Ауысп. Біреудің, бір нәрсенің көзі (Мұхаммед көзінің тірісінде, күннің көзі); 7. Ауысп. Күннің нұры, сәулесі; 8. Ауысп. Біреуге қалған ескерткіш, ұрпақ, әулет; 9. Ауысп. Бір ілімнің жолыменен, ізіменен;

Байқағанымыздай, қазақ тіліндегі көздің бес мағынасы да қарақалпақ тіліне сәйкес келіп тұр. Бірақ ақыл, сана деген ауыспалы мағынасы қолданылмайды. Қарақалпақ тіліндегі ауыспалы мағыналары біздің тілімізде

де бар. Тек бір ілімнің жолыменен семасы қазақ тілінде кездеспейді. Демек, көз сөзінің номинативтің тура мағынасы қос тілде де бірдей, тек ауыспалы мағына арқалағанда мүлде ұқсамайтын жаңа семаға айналып ерекшеленіп тұр. Яғни тілдердегі семантикалық процестер нәтижесінде көздің мағынасы кеңейгенін көрсетіп отыр.

Тілдегі сөздердің семантизациялануын тұрақты сөз тіркестерінен де анықтауға болады. Фразеологизмдер – әрбір ұлттың лингвистикалық қазынасы. Оның бойында ұлтқа тән наным-сенім, әдет-ғұрып, әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі туралы терең ақпарат бар. Тұрақты сөз тіркестері эмоционалды-экспрессивтілігі өткірлігімен, лексика-семантикалық байлығымен құнды. Тіліміздегі түбір сөздер арқылы жасалған фразеологизмдер көбіне жалпы түркі тілдеріне ортақ болып келеді. Төменде қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі көз сөзімен байланысты тұрақты тіркестердің семантикалық табиғатын салыстырып көрдік.

1 Көзі ашық, көзі ашылу – екі тілде де тапқыр, шешен, білгір мағынасында қолданылады.

2 Көз жүгірту – «үстіртін қарап шығу» (екі тілде бірдей);

3 Көзі қарақты – қазақ тілінде «білімді, оқыған адам» мағынасын берсе, көз көрекі – қарақалпақ тілінде керісінше «жортаға, жақсы білмеу» мағынасында қолданылады.

4 Көзіне шөп салу – «қиянат жасау» (екі тілде бірдей);

5 Көзін шел қаптау – қазақ тілінде «еш нәрсені көрмеу, білімсіздік, надандық» мәнін білдіреді. Мысалы, Абайдың «Сәулең болса кеудеңде» өлеңінде:

Егер сәулең болмаса,

Мейлің тіріл, мейлің өл.

Танымассың, көрмессің,

Қаптаған соң көзді шел, – деуі надандықты сипаттап тұр.

6 Көзді адам – қарақалпақ тілінде «соқыр» мағынасында, ал қазақ тілінде бұл мағына көзінің нұры тайды деп қолданылады. Ал көзі соқыр деген сауатсыз адамға айтылады.

7 Аш көз – дүниеге тоймайтын, еш нәрсеге қанағаты жоқ (екі тілде бірдей);

8 Көз аларту – қос тілде де «ұнатпау, жақтырмау» мәнін береді.

9 Ақ көз – қарақалпақ тілінде «алаңғасар, алды-артын ойламайтын» жанға айтылады.

Алаңғасар ес алаң, «ақ көз» сен қайда барасан? (Ер Зийуар).

Қазақ тілінде ақ көз – «қараңғы, оқымаған» мағынасында кездеседі.

10 Көзінен тану – біреуді көзіне қарап тану (екі тілде бірдей).



Көз тілдік бірлігі М. Абдрахманованың ««Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы» диссертациясында жан-жақты зерттелген: «Көзінен тану – қазақ тілінде бұл тіркестің қолдану аясы кең. Адам қатты ауырғаннан, қартайғаннан өзгеріп кеткенде, азып немесе қатты толып кеткенде оны көп уақыт көрмеген адамдар шын мәнінде көзінен таниды (әрине, көзіне зақым келмеген болса)» [12, 11-б.].

Профессор А. Салқынбай өзінің «Қазақ тілінің сөзжасам сөздігінде» тіліміздегі көз сөзінен сөзжасам бойынша семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалған жүз жетпіс бес туынды сөзді көрсетеді. Олар: көзжетпестей, бадана көзді, теке көздену, көз қырын салу, көз тию, көзбен жер шұқу, көз байлау, көзге шұқу, көз салу, көзге түсу және т.б. [13, 63-б.].

Зерттеу жұмысымызға нысан болған келесі бір сөз – сана сөзі. Қазақ тілінің де қарақалпақ тілінің де сөздік құрамына енетін активті сөз. Ертеде қазіргі тіліміздегі сана сөзінің «сознание» мағынасы ғана емес, «ой» мәнінде де қолданылған.

Түркі тілдерінде сана және ой сөздері синоним ретінде қолданылғанын тарихи жырлардан көруге болады. Мысалы:

Қой дегенің қоймасаң,  
Түсіремін ой-сана (Алпамыс батыр жыры)

Сарғайып сана мен жүзі сары.  
Ол бір ойды көңілге салды дейді (Қозы-Көрпеш).

Тіліміздегі белгілі бір лексикалық бірліктерді түрліше қолдану әдісі ақын-жыраулар шығармашылығында көптеп кездеседі. Сөздің бөлек тұрғандағы мағынасы лексикалық мағынаға саналса, контексте ол грамматикалық мағынаға арқалайды. Грамматикалық белгісінен айрылса байланысу тәсілдері бұзылып сөйлемнің лексикалық мағынасы өзгеріске ұшырайды. Сөзді түрліше қолдану арқылы сөз қойнауындағы бұрыннан бар семалары жарыққа шығады.

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде сана сөзінің төрт түрлі семасы көрсетілген: 1. Объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы; 2. Санын анықтау, есептеу; 3. Бағалау, қатарға қосу; 3. Көне. Тілек, өтінішті білдіретін -шы, -ші орнына қолданатын жұрнақ [10, 707-б.].

Сана сөзі қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде екі түрлі мағынада ғана берілген: «1. Сана-сезім – ой-пікір, ақыл. Адамдардың сана-сезімі қалыптасты. 2. Есептеу, түгелдеу» [11, 177-б.].

Көріп отырғанымыздай сана сөзінің қазақ тіліндегі номинативті зат есім және етістік түріндегі мағыналары ғана қарақалпақ тілінде қолданыс тапқан. Тілімізде сана сөзімен келетін мынадай тілдік бірліктер бар: жақын санау, ар санау, сана-сезім, санасыздық, халық санағы, сағат санау және т.б.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі семантизацияны анықтау үшін мысал ретінде бас сөзін зерттеп көрдік. Себебі қазақ тілінде де қарақалпақ тілінде де бас сөзінің он екі мағынасы берілген.

Қарақалпақ тілінде: 1. Адам мен хайуанның дене мүшесі; 2. Әр түрлі өсімдік, ағаш, шөптердің ең жоғарғы ұшы; 3. Үйдің, тамның басы; 4. Таудың, қырдың, ең үсті, биік жері; 5. Бір нәрсенің басталуы; 6. Қызметі жоғары, басқару ісін жүргізуші; 7. Шама, мөлшер; 8. Адамның жеке дара өзі; 9. Негізгі, ең үлкен; 10. Құрал-саймандардың бет жағы; 11. Көлдің, дарияның, бұлақтың беті; 12. Таяқтың жуандау жағы [11, 203-6.].

Қазақ тілінде 1. Адам мен жан-жануарлардың дене мүшесі; 2. Кісі, адам, жан; 3. Малдың саны, тұяқ; 4. Өсімдіктердің жоғарғы жағы, ұшы; 5. Таудың, қырдың ең биік жері, шыңы; 6. Өзеннің, бұлақтың басталған жері; 7. Таяқтың, сойылдың бір жақ шеті, ұшы; 8. Аяқ киімнің қоныштан төмен жағы; 9. Құрал-сайманның жүзі бар жағы; 10. Бір оқиғаның басталған мерзімі; 11. Мамандық атауымен тіркесіп келіп лауазымды білдіреді; 12. Ауысп. Бастық, жетекші [10, 111-6.].

Семантикалық салыстыру жасасақ бас сөзінің қарақалпақ тіліндегі негізгі, ең үлкен мағынасы біздің тілімізде кездеспейді. Қазақ тілінде өзен-көлдің басталған жерін басы десе, қарақалпақшада өзен-көлдің бетін басы деп атайтынын байқадық.

Қарастырылған екі тілде де бас сөзімен қолданылатын мынадай тілдік бірліктерді айқындадық: бас болу, бастан кешіру, бас көтеру, басы көкке жету, бас сипау, басын алып кету, сөз басы, бас мақала, басы бос, бас бәйге, бас ию, бас изеу және т.б.

Тұжырымдай келе, қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі ортақ сөздерді салыстыра отырып семантикалық талдау жүргізгенде ауыспалы мағынасында ғана өзгешелік бар екенін көрсетті. Демек, тура мағынасы уақыт өте келе кеңейіп, жаңа бір мағынаға ие болған. Яғни басқа түркі тілдерінде жоқ тек қарақалпақ тілінің өзіне ғана тән жаңа мағына туындағанын да көрдік. Көбінесе қазақ тіліндегі ауыспалы мағына ретінде қолданылған сөздер қарақалпақ тілінде тура мағына ретінде қолданылатынына көз жеткіздік.

### **Қорытынды**

Түйіндей келе, түркі тілдеріне салыстырмалы семантикалық талдау жасау идеясынан туындаған бұл зерттеуде қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациялануына біршама талдау жасадық. Екі тілдегі ұқсастықтар мен өзгешеліктер сонау түпкі негізден бастау алатынына көз

жеткіздік. Туыс тілдер арасындағы мәдени-тарихи байланыс бүгінгі тілдердің сөздік құрамынан көрініс тапқан. Тілдердің даму тарихы сан кезеңді өткерсе де құрамындағы тілдік бірліктері өзінің қайнар көзінен хабар беріп тұр. Семантикалық талдауға мысал болған көз, сана, бас сөздері – екі тілде де дене мүшесі ретінде тура мағынасында қолданыла отырып, қосымша көптеген семалар тудырған. Бұл мағынаның, сөздің семантикалық әлемінің кең, мүмкіндігі зор екенін байқатты.

Тілдің қазынасы саналатын фразеологизмдерді де қарастыра отырып біз екі тілдің этнолингвистикалық, когнитивтік сипаты да ұқсас деген қорытындыға келдік.

Зерттеу жұмысымыз болашақта түркі тілдеріне салыстырмалы талдау жасауда ортақ тілдік бірліктерді дыбыстық өзгерістерін, семантикалық ерекшелігін, сөз мағыналарының дамуы, байланысы, арақатынасын айқындаудың маңызы зор екенін көрсетті. Қарақалпақ тілі қазіргі тілші-ғалымдарымыз тарапынан әлі де ғылыми зерттеулер мен талдауларды қажет етеді.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жалмаханов, Ш.** Тіл білімінің тарихы [Мәтін]. – Қарағанды, 1999. – 203-б.

2 **Томанов, Ш.** Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы [Мәтін]. – Алматы, 1992. – 190-б.

3 **Шарапатұлы, Ш.** Түркі лексикасының семантикалық деривациясы : түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары б-ша [Мәтін]. – Астана, 2011. – 549-б.

4 **Бердимуратов, Е.** Хәzirги қарақалпақ тили. Лексикология [Мәтін]. – Нөкис, 1994. –12-б.

5 **Аманжолов, С. А.** Вопросы диалектологии и истории казахского языка [Текст]. – Алма-Ата, 1959. – 90 с.

6 **Хамидов, Х.** Қарақалпақ тили тарийхының очерклери [Текст]. – Нөкис : Қарақалпақстан, 1974. – 56-б.

7 **Баскаков, Н. А.** Состав лексики каракалпакского языка и структура слова: Сб. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Лексика [Текст]. – М., 1962. – 71 с.

8 **Оразов, М.** Қазақ тілінің семантикасы [Мәтін]. – Алматы, 1991. – 211-б.

9 **Қайырбекова, У. Ж.** Түркі лексикасын компонентті талдау [Мәтін]. Дис.канд. фил. наук. – Шымкент, 2003. – 141-б.

10 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / ҚР мәдениет және ақпарат м-гі, Тіл ком.; жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы, 2008. – 965-б.

11 Толковый словарь каракалпакского языка в 4-х томах. Том 2. – 4. [Текст]. – Нукус, 1984. – 387 с.

12 **Абдрахманова, М. Б.** «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы [Мәтін] : филол. ғылымд. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2008. – 25-б.

13 Қазақ тілінің сөзжасам сөздігі. 3-бөлім [Мәтін] / құраст. А. Б. Салқынбай. – Алматы, 2016. – 431-б.

### References

1 **Jalmahanov, Ş.** Tıl bılımunıñ tarihy [History of linguistics] [Text]. – Qarağandy, 1999. – 203 p.

2 **Tomanov, Ş.** Türki tılderınıñ salıstıymaly gramatikasy [Comparative grammar of Turkic languages] [Text]. – Almaty, 1992. – 190 p.

3 **Şarapatüly, Ş.** Türki leksikasynyñ semantikalıq derivasıasy : türki jazba eskertkişteri men qazırğı türki tılderınıñ materialdary b-şa [Semantic derivation of Turkic vocabulary: based on Turkic written monuments and materials of modern Turkic languages] [Text]. – Astana, 2011. – 549 p.

4 **Berdimuratov, E.** Häzirgi qaraqalpaq tili. Leksikologia [Modern Karakalpak language. Lexicology] [Text]. – Nökis, 1994. – 12 p.

5 **Amanzholov, S. A.** Voprosy` dialektologii i istorii kazaxskogo yazıka [The question of dialectology and history of the Kazakh language] [Text]. – Alma-Ata, 1959. – 90 p.

6 **Hamidov, H.** Qaraqalpaq tili tarihınyñ ocherkleri [Essays on the history of the Karakalpak language] [Text]. – Nökis : Qaraqalpaqstan, 1974. – 56 p.

7 **Baskakov, N. A.** Sostav leksiki karakalpakskogo jazyka I struktura slova:Sb. Issledovanija po sravnitelnoj grammatike tjurkskih jazykov. Leksika [The composition of the vocabulary of the Karakalpak language and the structure of the word: Studies on comparative grammar of Turkic languages. Vocabulary] [Text]. – Moscow, 1962. – 71 p.

8 **Orazov, M.** Qazaq tiliniñ semantıkasy [Semantics of the Kazakh language] [Text]. – Almaty, 1991. – 211 p.

9 **Qaiyrbekova, U. J.** Türki leksikasyn komponenttı taldaı [Component analysis of Turkish vocabulary] [Text] : dis.kand. fil. nauk. – Şymkent, 2003. – 141 p.

10 **Qazaq тілінің түсіндірме сөздігі** [Explanatory dictionary of the Kazakh language] [Text] : 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / QR мәдениет және ақпарат м-гі, Тіл ком.; жалпы ред. басқ. Т. Жанұзақов. – Алматы, 2008. – 965 p.

11 **Tolkovyj slovar karakalpakskogo jazyka v 4-h tomah. Tom 2-4.** [Explanatory dictionary of the Karakalpak language in 4 volumes] [Text]. – Nukus, 1984. – 387 p.

12 **Abdrahmanova, M. B.** «Köz» konsepti: lingvomädeni және tanymdyq paradigması [“Eye” concept: linguocultural and cognitive paradigm] [Text]. filol. ğylymd. kand. ... dis. avtoref. – Almaty, 2008. – 25 p.

13 **Qazaq тілінің сөзжасам сөздігі** [Dictionary of the Kazakh language] [Text] / Qūrast. A. B. Salqynbai. – Almaty, 2016. – 3-bölim. – 431 p.

08.08.23 ж. баспаға түсті.

29.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Б. Салкынбай<sup>1</sup>, О. Сойлемез<sup>2</sup>, \*А. Х. Асенова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
Казахстан Республикасы, г. Алматы;

<sup>2</sup>Университет Кастамону,  
Турция, г. Кастамону.

Поступило в редакцию 08.08.23.

Поступило с исправлениями 29.01.24.

Принято в печать 03.06.24.

## СЕМАНТИЗАЦИЯ В КАЗАХСКОМ И КАРАКАЛПАКСКОМ ЯЗЫКАХ

*В данной статье рассмотрена семантизация общеупотребительных слов в казахском и каракалпакском языках, принадлежащих кыпчакской ветви тюркских языков. С целью доказательства смысловых различий и сходства были проанализированы слова «глаз», «ум», «голова» в этих языках. Описывая их значения в толковых словарях, анализировался смысловой мир, некоторые из них доказывались на примерах из художественных произведений.*

*Актуальность статьи заключается в том, что семантический анализ проводится не только на одном языке, но и на тюркских языках, в том числе на казахском и каракалпакском языках. Потому*

*что сегодня сравнительно-историческая лингвистика является одной из областей, требующих научных исследований.*

*В результате исследовательской работы мы заметили, что семантическая природа общеупотребительных слов постоянно развивается, значение одного языка расширяется, сужается или полностью меняется в другом. Но каковы бы ни были изменения в языке, слова в этих языках сохранили свои тюркские корни.*

*Мы обнаружили, что некоторые слова приобрели совершенно новое значение, увеличили лексический фонд языка и по-новому развили слово. Анализируя семантическое развитие слова, мы можем узнать об истории слова, этимологии и характере нации. Именно поэтому изучение области семантики имеет большое значение в лингвистике.*

*Ключевые слова: тюркские языки, каракалпакский язык, лексико-семантический подход, общеупотребительные слова, историко-культурная связь.*

*A. B. Salkynbay<sup>1</sup>, O. Soylemez<sup>2</sup>, \*A. Kh. Assenova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty;*

*<sup>2</sup>University of Kastamonu,  
Turkey, Kastamonu.*

*Received 08.08.23.*

*Received in revised form 29.01.24.*

*Accepted for publication 03.06.24.*

## **SEMANTIZATION IN THE KAZAKH AND KARAKALPAK LANGUAGES**

*This article considered the semanticization of common words in the Kazakh and Karakalpak languages, which belong to the Kypchak branch of Turkic languages. In order to prove the semantic differences and similarities, the words «eye», «mind», «head» were analyzed in these languages. Describing their meanings in explanatory dictionaries, the world of meanings was analyzed, some of them were proved by giving examples from works of art.*

*The relevance of the article is that the semantic analysis is conducted not only on one language, but also on the Turkic languages, including the Kazakh and Karakalpak languages. Because today, comparative historical linguistics is one of the areas that require scientific research.*

*As a result of the research work, we noticed that the semantic nature of common words is always developing, the meaning of one language has expanded, narrowed or completely changed in another. But whatever the change in the language, the words in these languages have kept their Turkic roots.*

*We found that some words acquired a completely new meaning, increased the lexical fund of the language and developed the word in a new way. By analyzing the semantic development of the word, we can learn about the history of the word, etymology and the nature of the nation. That is why the study of the field of semantics is of great importance in linguistics.*

*Key words: Turkic languages, Karakalpak language, lexical-semantic approach, common words, historical and cultural connection.*

Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)